




# ЭКОНОМИКС

## Экономикалық өсу





### Дәрістің жоспары:

1. Экономикалық өсудің мәні, көрсеткіштері және жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім.
2. Экономикалық өсудің себептері және факторлары.
3. Экономикалық өсу теориясы.

### Экономикалық өсудің мәні, көрсеткіштері және жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім

Қазіргі уақытта әлем экономистері экономикалық өсудің деңгейін қандай факторлар анықтайтындығына басты назар аударуда. Әлем елдерінің экономикалық өсу көрсеткіштерінің деңгейлері бірдей емес, мәселен, дамыған батыс елдерінің экономикалық өсу қарқыны мен дамушы елдердің (мысалы, Үндістан, Нигерия, Индонезия) өсу қарқыны арасындағы айырмашылық шамамен он еседен асады. Осыған ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізген американдық экономист, Нобель сыйлығының лауреаты Роберт Лукас «әр елдерде экономикалық өсу қарқыны мен адамдардың өмір сүру деңгейлері неліктен әртүрлі» деген сұрақ қояды. Олай болса, Лукастың айтуынша, адамзат баласы экономикалық өсу туралы ойлағанда басқа нәрселерді ойлаудың қажеті жоқ. Сондықтанда, экономикалық өсу – макроэкономикадағы маңызды мәселелердің бірі. Мұнда нақты ЖІӨ деңгейінің ұлғаюы экономикалық өсу қарқынының ұзақ мерзімдік тенденциясы болады. «Экономикс» оқулығында экономикалық өсудің нәтижесі болатын нақты ЖІӨ ұзақ мерзімдік тенденция түріндегі құбылысының ауытқуларына көп көңіл бөлінеді.

Экономикалық өсуді талдау үшін нақты ЖІӨ деңгейінің көрсеткіштерін және олардың қалай есептелетіндігін түсінуіміз керек. Тәжірибе жүзінде экономикалық өсуді өлшеудің екі көрсеткіші болады:

- 1) Нақты жалпы ішкі өнім көрсеткішінің белгілі бір уақыт аралығында өсуі;
- 2) Нақты жалпы ішкі өнім көрсеткішінің белгілі бір уақыт аралығында жан басына шаққандағы өсуі.

Экономикалық өсу әдетте, пайызбен жылдық өсу қарқынымен өлшенеді. Мысалы, егер нақты жалпы ұлттық өнім өткен жылы 200 млрд. долларды және осы жылы 210 млрд. долларды құраса, онда жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны мынаған тең болады:  $210 - 200 / 200 \times 100\% = 5\%$ .

«Экономикс» оқулығының 20-тарауында ЖІӨ нақты өсуі туралы айтылды және оның былай есептелетіндігін көре аламыз:

$$t \text{ жылындағы нақты ЖІӨ өсу қарқыны} = (\text{ЖІӨ}_t - \text{ЖІӨ}_{t-1}) / \text{ЖІӨ}_{t-1} - 1$$

Жан басына шаққандағы ЖІӨ әлем елдері арасындағы дамуды салыстыру үшін қолданылатын пайдалы көрсеткіш ретінде сипатталады және ол белгілі бір уақыт кезеңіндегі нақты ЖІӨ деңгейін жалпы халық санына бөлу арқылы анықталады. Бұл көрсеткіш әдетте, барлығына түсінікті болуы үшін АҚШ долларымен көрсетіліп отырады.

«Экономикс» оқулығының 472-473-беттеріндегі 22.1-сызбада әлемнің бірқатар елдерінің жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіштері берілген. Бұл кестенің мәліметтерін мұқият қарап отырсақ, соңғы 50 жылдың ішінде әлем елдерінің экономикалық өсу қарқынының, орташа табыс деңгейлерінің және өмір сүру деңгейлерінің әртүрлі себептерге байланысты қалай өзгеріп отырғандығын байқауға болады.

Ал сол оқулықтың 473-474-беттеріндегі 22.2-сызбада әлемнің бірқатар елдерінің 50 жылдан бергі нақты ЖІӨ пайызбен өлшегендегі жылдық өсу қарқынының қалай өзгеріп отырғандығы туралы мәліметтер берілген. Осы кестеден байқасақ, экономикалық өсудің қарқыны мен сапасы бір-біріне сәйкес келмейді. Мысалы, Ұлыбритания, Германия, Норвегия және Франция сияқты батыстың дамыған елдерінің экономикалық өсуінің орташа жылдық қарқыны сол уақыт аралығынан бері тұрақты түрде шамамен 3,0%-ды құрайды. Бұл экономикалық өсудің тұрақтылығын білдіреді. Ал басқа елдерде, атап айтсақ, араб елдерінде және Қытайда



соңғы уақыттары экономикалық өсудің қарқыны жылына орта есеппен 10%-ды құрап отыр. Экономикасының көлемі жағынан Қытай елі АҚШ-тан кейін екінші орынды иеленсе де, ондағы халқының әлі де болса бұрынғыдай, салыстырмалы түрде жан басына шаққандағы табыстары төмен. Осындай құбылыстардың болуы көбінесе халық санының өсуіне және экономикасының құрылымдық дамуына байланысты болады.

Сонымен, нақты жалпы ішкі өнім көрсеткішінің экономикалық өсудің нәтижесі екендігін түсіне отырып, біз экономикалық өсуге мынадай анықтама береміз. Экономикалық өсу – қандай бір елдің ұлттық экономикасында белгілі бір уақыт аралығында нақты жалпы ішкі өнім деңгейінің сандық өсуі мен сапалық жетілдірілуі.

## Экономикалық өсудің себептері және факторлары

Экономикалық өсу қоғамның өркендеуінің аса маңызды мақсаты болып табылады, өйткені сол арқылы экономикалық және әлеуметтік жетістіктерге жетуге болады. Экономикалық өсудің өлшемі ретінде қосылған құнды көбейту, өндірісті кеңейту, ғылым мен мәдениетті дамыту сияқты көрсеткіштер саналады. Экономикалық өсу арқылы қоғамның даму болашағын болжауға болады. Бұдан басқа, экономикалық өсу ресурстардың шектеулілігі мәселесін шешуге жағдайлар жасайды.

Әлеуметтік жағынан дамудың ең жоғары өлшемі болып адамның тұлға ретінде дамуы, оның материалдық және рухани қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы табылады. Өскелең экономика қоғамның жаңаша қажеттіліктерін қанағаттандыра алу мүмкіндігіне және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шеше алуға мүмкіндік табады. Қазіргі өскелең экономика бір уақытта қоршаған ортаның ластануымен күресу бойынша жаңа бағдарламаларды қабылдап қоғамдық игіліктер өндірісінің қысқаруына жол бермеуге тырысады.

Жалпы алғанда, экономикалық өсу әлемнің барлық елдерінің ортақ мақсаты, елдің экономикалық қуатының көрсеткіші болып табылады.

Нарықтық экономикада тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін еңбек, капитал және жер сияқты негізгі үш фактор қажет. Нәтижесінде жиынтық өнім сол еңбекті, капиталды және табиғи ресурстарды қолданудың функциясы болып табылады. Сәйкесінше, жиынтық өнім көлемі өндірістің осы әрбір факторына тәуелді болып табылады. Бұл кезде өндіріс көлемі өндіріс факторларының жұмсалыуына қарағанда үлкен дәрежеде өсуі мүмкін. Оған әсер ететін бірден бір фактор болып ғылыми-техникалық прогресс табылады.

Өндіріс факторлары шығындарының өсуіне және ғылыми-техникалық прогресс қарқынына жиынтық өнімнің өсу тәуелділігін төмендегі өндірістік функция сипаттайды:

$$Y(t) = A(t) f[L(t), K(t), N(t)]$$

мұнда  $Y(t)$  – жиынтық өнімнің өсу қарқыны;

$A(t)$  – ғылыми-техникалық прогресс қарқыны;

$L(t), K(t), N(t)$  – еңбекке, капиталға және табиғи ресурстарға кеткен шығындардың өсу қарқыны.

Бұл өндірістік функция халық шаруашылығы деңгейінде экономикалық өсуді талдау үшін қолданылады. Ол өндірістің ненің есебінен дамып жатқандығын анықтай алады: өндіріске жаңа факторларды тарту есебінен бе, не оларды қолданудың тиімділігін арттыру есебінен бе; қандай фактордың есебінен өндірістің тиімділігі көп дәрежеде артатындығын және қандай фактордың тым аз қарқынмен дамитындығын немесе өндірістің дамуына кедергі келтіретіндігін анықтай алады.

«Экономикс» оқулығының 479-бетіндегі 22.1-сызбада жиынтық өндірістік функция мен инвестиция арасындағы байланыс көрсетілген. Мұнда өндірістік функция капиталдың өзгермеген деңгейінде капитал мен еңбек өнімділігі және технологиялармен анықталады. Жинақтар деңгейі инвестициялар деңгейін анықтайды. Ал  $k_1$  капитал деңгейіндегі ЖІӨ – өндірістік функция мен инвестиция арасындағы айырма.



Қазіргі уақытта, экономикалық әдебиеттерде экономикалық өсудің факторлары төмендегідей топтастырылады:

1. Ұсыныс факторлары, бұларға адам ресурстарының болуы, табиғи ресурстар, негізгі капитал, технология деңгейі жатады.
2. Сұраныс факторлары, бұларға бағалар деңгейі, тұтыну шығындары, инвестициялық шығындар, мемлекеттік шығындар, таза экспорт көлемі жатады.
3. Бөлу факторлары, бұлар экономикалық айналымға тартылатын ресурс-тардың тиімділігін, ресурстардың өндіріс үдерісінде толық, әрі ұтымды түрде пайдаланылуын көрсетеді.

Қазіргі заманғы нарықтық экономика экономикалық өсудің жаңаша сапалық кезеңіне өтумен сипатталады. Жаңаша сапалық экономикалық өсудің бірқатар өзіне тән ерекшеліктері бар. Біріншіден, ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктері, ресурстарды үнемдейтін технологияны қолдану негізінде өндірістің тиімділігін көтерудің интенсивті сипаты ескеріледі. Екіншіден, технологиялық прогрессті анықтайтын және адамдардың қажеттіліктеріне қызмет ететін салалардың өнімдерін көбейту қарастырылады. Үшіншіден, экономикалық өсудің әлеуметтік жағынан қақтығыстарға алып келмейтін шекараларын белгілеумен көрінеді. Мұндай шектеулерді енгізу арқылы адамның өмір сүру ортасын және қалпына қайтып келмейтін ресурстарды сақтап қалуға мүмкіндіктер ашылады.

Жаңаша экономикалық өсудің осындай ерекшеліктерін толығымен сақтамайтын бүгінде әлемде ешбір ел жоқ. Өйткені, әлем елдерінің, әсіресе, дамыған елдердің экономикасын өсудің жаңаша сапасына нарықтық іс-қимылдар мен нарықтық шаруашылықтың заңдылықтары күш беріп соған қарай итермелейді. Сондай-ақ, мемлекеттің де экономикалық өсудегі рөлін жоққа шығармау қажет.

## Экономикалық өсу теориясы

Экономикалық өсудің теорияларын көптеген экономистер дамытты. Соның ішінде, біз экономикалық өсу теориясына сүбелі үлес қосқаны үшін 1987 жылы Нобель сыйлығының иегері атанған Роберт Солоудың экономикалық өсу үлгісінің төңірегіндегі мәселелерді қарастырамыз.

1956 жылы ұсынылған Роберт Солоудың экономикалық өсу үлгісі бірқатар негізгі алғы-шарттарға негізделеді:

- өндіріс факторлары, еңбек пен капитал өзара алмастырыла алады;
- капиталмен қарулану көрсеткіші тұрақты шама емес, ол экономикалық жағдаятқа байланысты өзгеріп отырады;
- үлгіде мемлекет пен сыртқы орта секторлары қарастырылмайды;
- фирмалар мен үй шаруашылықтары секторларынан тұратын игіліктер нарығы жетілген бәсекелестікке және икемді бағаларға негізделеді;
- үлгіде Кобб-Дугластың өндірістік функциясы қолданылады.

Роберт Солоу адами капитал мен материалдық капиталдың, халық санының өсуінің және ғылыми-техникалық прогресстің өсу қарқындарын экономикалық өсудің шешуші факторлары ретінде айқындайды. Сонымен қатар, Солоудың экономикалық өсу үлгісінде экономикалық өсуге әсер етуі мүмкін басқа да факторларды атап өтеді. Оларға мыналар жатады:

- макроэкономикалық тұрақтылық;
- елдегі жүргізіліп отырған сауда саясатының әдістері (протекционизм бе, әлде еркін сауда саясаты ма?);
- елдегі саяси институттардың және үкіметтің басқарушылық сипаты мен сапасы;
- елдегі саяси қақтығыстардың, зорлық-зомбылықтың орын алу дәрежесі;
- елдегі өңірлік даму проблемалары және дамудағы алшақтықтар;
- елдегі географиялық факторлар, ондағы материалдық ресурстары мен табиғи-климаттық жағдайлары;



- елдің халықаралық нарықтағы бәсекелік қабілеттілігінің дәрежесі;
- елдегі экономикалық өсу қарқынына әсер ететін ішкі факторлар, әсіресе, бағалар деңгейінің өсу қарқыны мен жұмыссыздық дәрежесі.

Дегенмен Роберт Солоудың экономикалық өсу үлгісінде маңызды рөлді ұсыныс факторлары ойнайды. Осының ішінде, өнімділік немесе еңбек өнімділігін ерекше атап өтуге болады, яғни, еңбек экономикалық өсудің факторы ретінде өнімділік көрсеткішімен анықталады. Өнімділік – бұл бір жұмысшыға келетін өндірістің жалпы көлемі және ол мына қатынаспен анықталады:  $Y/L$ , мұнда  $Y$ -шығарылым көлемі,  $L$ -экономикадағы жұмыспен қамтылғандар саны немесе еңбектің істелген адам-сағат саны. Әртүрлі елдердің келтірген есептеулерінде еңбек өнімділігінің деңгейі неғұрлым жоғары болса, жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі де соғұрлым жоғары болады деп саналады.

Сан жағынан экономикалық өсу кезінде белгілі бір уақытта, еңбек өнімділігінің шамасы өзгермейді, яғни,  $Y/L$  шамасы тұрақты болып қалады. Ал сапалық экономикалық өсу кезінде ЖІӨ-нің өсу қарқыны жұмыспен қамтылғандар санының өсу қарқынына қарағанда тезірек болады, яғни еңбек өнімділігі артады.

Еңбек өнімділігінің артуына технологиялық білім факторы аса маңызды түрде әсер етеді. Технологиялық білім – қоғамдағы тауар өндіру мен көрсетілетін қызметтерді дамытуға үздік техникалық тәсілдерді түсіну. Бұл өндірістік үрдісті ұйымдастырудың және басқарудың жаңа әдістері, жаңа ақпараттық технологиялар, өндірістік үрдісте қолданылатын ғылымның әртүрлі салаларындағы ашылымдар мен жаңалықтар және басқа да заманауи жетістіктер дегенді білдіреді. Сонымен қатар, капитал, табиғи ресурстар және адам капиталы инвестициялар сияқты ерекше факторларға және оның экономикалық өсуге қосатын үлесіне де маңызды түрде көңіл бөлген жөн.

Адам капиталы – қазіргі заманғы экономикалық өсудің аса маңызды факторы. Осындай инвестициялар әлеуметтік-экономикалық құрылымның ҒТП-нің даму ырғағына үздіксіз ілесіп, әрі бейімделіп отыруына жағдайлар жасайды. Демек, бүгінгі күні сапалы білім алуға, денсаулық сақтауға, жұмыс орнында тәжірибе жинақтауға, инновацияларды енгізуге инвестиция салусыз, яғни адам капиталын дамытусыз экономикалық өсудің шынайылығына қол жеткізу мүмкін болмайды.

Роберт Солоудың экономикалық өсу үлгісінде стационар тепе-теңдік деген ұғым бар. Стационар тепе-теңдік – өспелі экономикадағы тепе-теңдік нүктесінің тұрақты жағдайында инвестициялар амортизацияға деген шығындар сияқты болады және материалдық сыйымдылығы тұрақты болып қалады дегенді сипаттайтын теңгерім нүктесі. Солоу үлгісінің графикалық көрінісін «Экономикс» оқулығының 480-бетіндегі 22.2-сызбадан және 482-беттегі 22.3-сызбадан көріп түсіндіруге болады. Мұнда экономикалық өсу бір жұмысшыға шығатын тепе-теңдік арқылы көрсетіледі. Тепе-теңдік ұзақ мерзімді болады және инвестиция шығындары амортизация нормасына келетін жағдайды сипаттайды.

## Түйін

1. Экономикалық өсу ұлттық өнімнің сан жағынан өсуімен қатар сапа жағынан жетілдірілуін көрсетеді. Экономикалық өсу деп өндіргіш күштердің ұзақ мерзімді дамуымен байланысты өндірістің нақты көлемінің табиғи дәрежесінің ұзақ мерзімдегі өзгерістерін атайды.

2. Экономикалық өсуді өлшеудің тәсілдерін екіге бөлуге болады: 1) Нақты жалпы ішкі өнімнің өсуі. Бұл әдіс экономика мүмкіншілігінің молаю шапшандығын бағалау үшін қолданылады. 2) Жалпы ішкі өнімнің бір адамға шаққандағы өсуі. Халықтың әл-ауқатының дамуын талдағанда, немесе елдер мен аймақтардағы тұрмыс дәрежесін салыстырғанда қолданылады.

3. Экономикалық өсудің екі түрін ажыратып көрсетеді: 1) нақты экономикалық өсу – бұл статистикалық органдардың кезеңділікпен жариялап отыратын ЖІӨ-нің немесе басқадай макроэкономикалық көрсеткіштердің жыл сайынғы шынайы түрде өсуі. 2) потенциалды экономикалық өсу – экономиканың белгілі бір жылдамдықпен немесе қарқынмен өсе алу мүмкіндігі мен дәрежесі. Бұл өсуді қамтамасыз ете алатын факторларға мыналар жатады: а) еңбек,



капитал және жер сияқты ресурстарды арттыру; ә) технологиялық прогресстің көмегімен, өндірістің ұйымдастырылуын жақсарту немесе жұмыс күшінің біліктілігін арттыру есебінен осы ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру.

4. Экономикалық өсудің теориялық тұрғыдан негізгі үш типі бар: 1) интенсивті типі – техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі. Тиімді экономика экономикалық өсудің интенсивті типін қолдануға тырысады. 2) экстенсивті типі – қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ұлттық өнімінің өсуі. 3) аралас типі – факторлардың өсуімен қатар техникамен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі.

6. Экономикалық өсудің факторларын сұраныс факторлары, ұсыныс факторлары және бөлу факторлары деп бөледі.

### Шолу сұрақтары:

1. «Экономикалық өсу» мен «экономикалық даму» ұғымдарының арасында қандай айырмашылық бар?
2. Экономикалық өсудің көрсеткіштері қандай?
3. Экономикалық өсуді өлшеудің қандай әдістері бар?
4. Экономикалық өсудің тиімділігі және экономикалық өсудің сапасы дегеніміз не?
5. Экономикалық өсудің қандай факторлары бар?
6. Экономикалық өсудің типтері қандай?
7. Экономикалық өсудің оң және теріс жақтары қандай?
8. Солоудың экономикалық өсу үлгісі қалай сипатталады?
9. Экономикалық өсу теориясының дамуына посткейнстік мектептің өкілдері қандай үлес қосты?

### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы, Print-S, 2012. – 460 б. 12-тақырып.

Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2003. 12-тарау.

Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. А.А. Абишева, К.А. Хубиева. – Алматы: «Экономика», 2009. Раздел 4, глава 8.

Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р. Макроэкономика. 4-е изд. – СПб.: Питер, 2011. Глава 10.

Агапова Т.А., Серегина С.Ф. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А.Ф. Сидоровича; МГУ им. М.В. Ломоносова. – 10-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2013. Глава 11.

Курс экономической теории: Учебник – 7-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М.Н. и Киселевой Е.А. – Киров: «АСА», 2017. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 25.

Н. Грегори Мэнкью. Принципы макроэкономики. 4-е изд./Пер. с англ. – СПб.: Питер, 2012. – 544 с.